

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Басқарма Төрағасы – «Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Ректорының бұйрығымен бекітілген
« 23 » маусым 2022 жыл
№ 04-04/266

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
КЕАҚ Түлектер қауымдастығы туралы Ереже**

Алматы, 2022

Басқарма Төрағасы – «Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Ректорының бұйрығына

1-қосымша
« 23 » маусым 2022 жыл
№ 04-04/266

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ Түлектер қауымдастығы туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Түлектер қауымдастығы (бұдан әрі – Қауымдастық) өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам/Университет) Жарғысын, Даму стратегиясын, осы Ережені және Қоғамның басқа да нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

2. Қауымдастық Басқарма Төрағасы – Қоғам Ректоры мен әлеуметтік даму жөніндегі проректорға бағынады және олардың тікелей басшылығымен жұмыс істейді.

3. Қауымдастық басшысы лауазымына конкурстық негізде тағайындалады және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген тәртіппен және негізде Басқарма Төрағасы – Университет Ректорының бұйрығымен атқаратын лауазымынан босатылады.

4. Қауымдастық басшысы лауазымына жоғары кәсіптік білімі және мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда кемінде 5 жыл өтілі бар адам тағайындалады.

2. Қауымдастықтың негізгі мақсаттары мен міндеттері

5. Мақсаты:

- 1) түлектердің қатысуымен Университет базасында инновациялық ғылыми-білім беру қызметінде жаңа мүмкіндіктер ашу;
- 2) Университет түлектерінің жеке байланыстарын нығайту, өзара көмек және ынтымақтастық орнату;

6. Міндеттері:

- 1) Университетті жан-жақты әлеуметтік және экономикалық қолдауды ұйымдастыру және оның материалдық-техникалық базасын нығайту үшін

Қауымдастық мүшелерінің зияткерлік және шығармашылық мүмкіндіктерін біріктіру;

2) түлектер арасында жеке және іскерлік байланыстарды, шығармашылық ынтымақтастықты, қоғамдық және жеке өзара іс-қимылды орнату, кеңейту және дамыту;

3) университет түлектерінің, қоғамдық, мемлекеттік органдар мен басқа да мекемелер мен ұйымдар өкілдерінің қатысуымен конференциялар, форумдар, семинарлар, іскерлік кездесулер ұйымдастыру;

4) түлектер мен қызметкерлерді университеттің құрмет белгілерімен және атақтарымен марапаттау мәселелері бойынша басшылыққа ұсыныстар енгізу.

3. Қауымдастықтың функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі

7. Қауымдастықтың негізгі функциялары:

1) Университеттің барлық түлектерінің жеке байланыстарын, өзара көмегін және ынтымақтастығын нығайту;

2) түрлі мәдени-бұқаралық іс-шаралар, түлектермен кездесулер, дөңгелек үстелдер, «Бабалар аманаты» энциклопедиясының тұсаукесерін өткізу, түлектер форумын ұйымдастыру;

3) Университеттің оқу-ғылыми, әлеуметтік және экономикалық-өндірістік жобаларын іске асыру үшін түлектердің тәжірибесі мен мүмкіндіктерін пайдалану;

4) Университет түлектерімен бірлесіп кафедралардың, институттардың мерейтойларын, қоғамдық-атаулы күндерді мерекелеуге орай қайырымдылық кештерін ұйымдастыру;

5) Университетке жан-жақты әлеуметтік және экономикалық қолдау көрсету және оның материалдық-техникалық базасын нығайту үшін Қауымдастық мүшелерінің зияткерлік және шығармашылық мүмкіндіктерін біріктіру;

6) түлектер арасында жеке және іскерлік байланыстарды, шығармашылық ынтымақтастықты, қоғамдық және жеке өзара іс-қимылды, өзара көмекті белгілеу, кеңейту және дамыту;

7) Университет өткізетін іс-шараларға түлектердің қатысуын ұйымдастыру.

8. Құқықтары:

1) Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінен жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға және алуға;

2) Қауымдастық қызметіне қатысты Университет басшылығы шешімдерінің жобаларымен танысуға;

3) Қауымдастықтың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар қабылдау және енгізуге;

4) өз қызметі туралы ақпаратты таратуға;

5) Университеттің басқару органдарымен келісім бойынша жарғылық міндеттерді іске асыруға;

6) Қауымдастықтың құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсыныстар, есептер дайындау үшін белгіленген тәртіппен жұмыс топтарын құруға құқылы.

9. Қауымдастық жауапкершілігі:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген шектерде лауазымдық нұсқаулықта көзделген лауазымдық міндеттерді тиісінше орындамау немесе орындамау;

2) қауіпсіздік техникасы қағидаларын, өртке қарсы қағидаларды және қызметке қатер төндіретін басқа да қағидаларды, анықталған бұзушылықтардың жолын кесу жөнінде шаралар қолданбау;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасында белгіленген шектерде материалдық залал келтіру.

4. Өзара әрекеттесу

10. Қауымдастық жұмысының есебін, талдауын, өзгерістері мен толықтыруларын ұсыну мәселелері бойынша Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекет жасайды.

5. Материалдық және ақпараттық қамтамасыз ету

11. Қоғамда бөлінген бюджет қаражаты шегінде Қауымдастықтың тиімді және сапалы қызметі үшін тиісті жағдайлар жасалады, соның ішінде:

1) мәселелер бойынша жеке үй-жаймен, заңнамалық-анықтамалық материалдармен, мерзімді баспа басылымдармен қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нормалар бойынша Қауымдастық қызметкерлерінің санын қамтамасыз ету;

12. Қоғамның нормативтік актілеріне сәйкес Басқарма Төрағасы – Қоғамның Ректоры қолданыстағы сыйлықақы беру жүйесін және қолда бар мүмкіндіктерді ескере отырып, Қауымдастық қызметкерлерін қосымша материалдық ынталандыруды белгілеуге құқылы.

6. Іс жүргізу және құпиялылық

13. Қауымдастық басшысы қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтауға міндетті;

14. Қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету тәртібі Қоғам ақпаратының сақталуын қамтамасыз ету туралы нұсқаулықта айқындалады.

7. Еңбек жағдайларын және персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

15. Қоғамда Қауымдастық басшысының еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету еңбек заңнамасына және Қоғамның Ұжымдық шартына, сондай-ақ Қоғамның өзге де нормативтік актілеріне сәйкес ұйымдастырылады.

8. Қорытынды ереже

16. Осы Ереженің орындалуын бақылау функциялары Қауымдастық басшысына жүктеледі, ол оны Қоғамның бағынысты қызметкерлері мен мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізуді, осы Ереженің орындалуын бақылауды және уақтылы өзектендіруді қамтамасыз етеді.

17. Осы Ережеде Қоғамның жалпы құрылымындағы бөлімшенің құқықтық жағдайын және оның қызмет саласын реттейтін, белгіленген тәртіппен шығарылған Қоғамның актілерімен өндірістік-шаруашылық қызмет процесіне өзгертілуі, нақтылануы және толықтырылуы мүмкін негізгі нормалар ұсынылған.

18. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Басқарма Төрағасы – Ректордың немесе өзге де уәкілетті лауазымды тұлғаның бұйрығы негізінде жаңа редакцияда Ереже әзірлеу не осы Ережеге қосымшалар түрінде өзгерістер (толықтырулар) ресімдеу жолымен енгізіледі және бөлімше қызметкерлері мен Қоғамның мүдделі лауазымды тұлғаларының назарына жеткізіледі.

19. Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және ол белгіленген тәртіппен Басқарма Төрағасы – Ректор немесе өзге де уәкілетті лауазымды тұлға күшін жойған кезге дейін қолданылады.

20. Бөлімше таратылған немесе бөлімше туралы Ереже жаңа редакцияда бекітілген жағдайда осы Ереженің заңды күші жойылады.